








**Автор:** Аманкулова Зухра Муратбаевна  
**Бағдарлама тарауы:** Ересек топ  
**Жас тобы:** Қоршаған ортамен таныстыру  
**Білім беру саласы:** Мен және қоршаған орта  
**ҰОҚ тақырыбы:** "Жас құтқарушылар"

ҰОҚ мақсаты:	Балалардың танымдық қызығушылығы дамиды, судың қасиетін, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде мағлұмат алады. Теңіз тұрғындарына қамқор болу, табиғатқа деген сүйіспеншілігі арттады. Теңіздегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды біледі.
Сөздік жұмыс:	теңіз, қайық, итбалық, дәрумендер.
Рефлексия	Біздер ғажайып сәттерді қызықтап серуендеуге шығамыз. Ой, балалар итбалығымыз жаралы сияқты, қараңыздаршы. Қалай ойлайсыздар оған не болды екен? Ол қалай жарақаттанып қалды екен? Жарақаттанып қалуына не себеп болды екен? Балалар, бүгін итбалыққа көмектесе отырып, сендер өздерініңге қандай әсер алдыңыздар?
Әдіс-тәсілдер:	сұрақ - жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сергіту сәті, саяхат.
Құрал-жабдықтар:	Қайық, қармақ пен балықтар, итбалық, шелек, дәрігердің киімімен құрал-жабдықтары, капитанның киімі, қауіпсіздік кеудешелер, карта, хат, шыны ыдыс.
АКТ ресурсының атауы:	Интерактивті тақта, ноутбук, аудио құралдар.
Пәнаралық байланыс:	Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қауіпсіздік мінез-құлық негіздері, дене шынықтыру.
Алдын-ала жұмыс:	мамандық иелерімен, олардың еңбектерімен таныстырылды.

### ҰОҚ барысы

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ кіріспе бөлімі (3 минут)	Шаттық шеңбері Қайырлы таң, қонақтар! Қайырлы таң, достар! Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық! Доброе утро, учитель! Доброе утро, друзья! Посмотрите друг на друга Пожелайте добра! Good morning, good morning, Good morning to you, Good morning, good morning, We are glad to see you! (әуенмен орындалады) Балалар отырады. Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, өйткені бізге көп қонақтар келіпті. Бүгінгі оқу қызметіміз өте ерекше болмақ, біздер ғажайып сәттерді қызықтап серуендеуге шығамыз. Тәрбиеші:Айтыңыздаршы біз қайда тұрамыз? Балалар жауабы. Тәрбиеші:Қаламыз қалай аталады? Балалар жауабы.	

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ негізгі бөлімі (19 минут)	<p>Тәрбиеші: Ия. Биыл Ақтау қаламызға 58 жыл толады. Қаламыз күнненкүнге көркейіп, өсіп келеді. (Слайд бойынша әңгімелейді). Ақтау қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Біздің теңізімізді сипаттап берейікші? Балалар жауабы? Тәрбиеші: Ендеше, бүгін біз теңіз жағалауына барып серуендейік, қарсы емессіңдер ме? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Бірақ біз келісіп алайық. Теңіз жағалауына барғанда ондағы қонақтар мен тұрғындардың алдында, қоғамдық жерлерде біз өзімізді қалай ұстауымыз керек? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ендеше балалар теңіз жағалауына жеткеше теңіз туралы әңгімелесейікші. Теңізде болған қызықты оқиғалар мен алған әсерлеріңіз туралы бөлісейік. Балалар жауабы. Тәрбиеші: Міне балалар, теңіз жағалауына да, келіп жеттік. Балалар тыңдаңыздаршы теңіздің толқынының шуылын естіп тұрсыңдар ма, таза ауа, мөлдір, тұнық су. Аспанда шағалалар қалықтап жүр. (Әр түрлі дыбыстар естіледі). Енді мына құмдардың үстінен жүреміз, одан кейін тастардың үстімен жүреміз, ал енді ұлу қабыршықтарының үстімен жүреміз. Тәрбиеші: Ой, балалар қараңыздаршы, мынау не болды екен? Мына бөтелкенің ішінде хат бар ғой. Ішін ашып, оқып көреміз бе? Балалар жауабы. (Хат. Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен итбалық боламын. Маған сендердің көмектеріңіз керек. Мен қатты ауарып қалдым. Жағалаудағы қайық келсеңіздер алыс емес. Тәрбиеші: Балалар, итбалыққа бару үшін мында картада бейнеленген. Итбалыққа көмектесеміз бе? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ендеше қайыққа отырмастан бұрын қауіпсіздік ережесіне сімізге түсірейікші. Балалар жауабы. Тәрбиеші: Неге қайықта секіруге болмайды? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Неге қайықта шайқалуға болмайды? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Неге борттың сыртына қарауға болмайды? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Суға құласақ не болады? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Сонда қайықта не істеуге болады? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ой, балалар барлық ережелерді есімізге түсірдік. Суға батып кетпеу үшін бізге не керек? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ендеше мына жерде тұрған қауіпсіздік кеудешелеріңізді киіңіздер. Тәрбиеші: Балалар, біз дайынбыз, қауіпсіздік ережесін есімізге түсірдік, қауіпсіздік кеудешемізді кидік енді, нені ұмытып кеттік? Қалай ойлайсыздар? Естеріңізге түсіріңдерші! Балалар жауабы. Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар, балалар біз қайықта ауырып қалған кезде бізге алғашқы көмекті көрсететін дәрігер керек, кім дәрігер болады? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Балалар, айтыңыздаршы дәрігерге қандай құралдар керек деп ойлайсыздар? Тәрбиеші: Жарайсыздар, қайықты басқарып, бағыт көрсетіп тұратын капитан керек. Капитан кім болады? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Балалар Капитанымыз бар, дәрігеріміз бар енді жолға шығуға дайынсыңдар ма? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Олай болса кеттік. (Балалар қайықта отырып қимылмен өлең жолдарын әуенмен орындайды). Көңілді біз шығамыз Алыс жолға (3 рет) Шырқап әнгесаламыз Ән саламыз (3 рет) (Дәрігер жолаушыларды тексеріп отырады. Капитан дүрбімен жолдың бағытын бақылап отырады, осы кезде ауатазартқышпен теңіздің иісін шығару. Балалар өздерін теңізде кележатқандай сезіну үшін. Шағала, үйрек, толқынның дыбысы естіледі. Кенеттен итбалықтың дыбысын естиді). Тәрбиеші: Ой, балалар біз жақындаған сияқтымыз. Капитан итбалықты көріп тұрғанын хабарлайды. Тәрбиеші: Балалар абайлап қайықтан түсіңіздер, итбалықтың қасына жақындайық. (Балалар итбалықтың қасына жақындап, оны ұстап қарайды) Тәрбиеші: Қараңыздаршы итбалық үстінде қоқыстар көп екен қане тазалап алайық. (Балалар итбалықтың үстіндегі қоқыстарды жинайды). Тәрбиеші: Балалар, айтыңыздаршы итбалықтың үстінде неге қоқыстар көп? Балалар жауабы. (өз ойларын ортаға салады). Тәрбиеші: Ой, балалар итбалығымыз жаралы сияқты, қараңыздаршы. Қалай ойлайсыздар оған не болды екен? Ол қалай жарақаттанып қалды екен? Жарақаттанып қалуына не себеп болды екен? Балалар жауабы. Экологиялық мәселені шешуге байланысты слайд көрсете отырып сұрақтар қою. Тәрбиеші: Итбалыққа қалай көмектесуге болады? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Біз үйде жаралы болғанда бізге кім көмектеседі? Қандай нөмерге хабарласамыз? Кімнен көмек сұраймыз? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Балалар, итбалықтар қалай өмір сүреді? нені жақсы көреді? Ол не жейді? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ендеше итбалыққа балық аулап берейік. Балалар жауабы. (Балалар итбалыққа балық аулап береді) Тәрбиеші: Итбалық балықты да жеген жоқ. Енді не береміз? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Ендеше суберейік. (Балалар су алып келеді). Тәрбиеші: Балалар, олда көмектескен жоқ. Енді не істейміз? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Мүмкін дәрумендер берукерек шығар. Дәрігерде қандай дәрумендер бар екен. Балалар жауабы. (дәрігер дәрі қобдшасынан дәрумендер береді). Тәрбиеші: Балалар, мүмкін итбалықтың</p>	

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>ҰОҚ қорытындысы (3 минут)</p>	<p>Тәрбиеші: Балалар бүгін оқу қызметінде алған білімдеріңізді мында тұрған бейнелеу өнерінің құралдары арқылы бейнелеп беруіңізді сұраймын. (Балалар жасаған жұмыстарын жарты шеңберге тұрып, қонақтарға көрсетеді. Балалардың жұмысын мадақтау). Тәрбиеші: Балалар бүгін итбалыққа көмектесе отырып, сендер өздеріңізге қандай әсер алдыңыздар? Балалар жауабы. Тәрбиеші: Теңіз жағалауында қандай ережелерді еске сақтау керек? Балалар жауабы. Балаларды мадақтау. Тәрбиеші: Балалар, біздің қонақтармен қоштасатын уақытымыз келді, бірақ қоштасар алдын қонақтарымызға арналған әнімізді шырқап берейік. Ән «Ақтау»</p>	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p> 
<p>Күтілетін нәтижелер:</p>	<p>Балалардың танымдық қызығушылығы дамыды; Судың қасиетін, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде мағлұмат алды; Теңіз тұрғындарына қамқор болуды үйренді. Теңіздегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды білді.</p>	